

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№4			
Күндері		20 - 24.09.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Менің Қазақстаным/ Мой Казахстан / My Kazakhstan			
Мекеменің атауы, тобы		«Бөбек лүпілі »жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?"				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кедесый жалауына, түсіне, құрылымына көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесіндегі жалысы желкен, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа,	Қазақстанның Туын көрсету. "Жалауша" тақпағын оқу. Мақсаты. Балаларды Қазақстан Туын қабылдауға, тануға, атауға ынталандыру; жалауша туралы тақпақты тыңдауда жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету. - Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова	Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, "Отан" сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың.	Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. - Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. - Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова
Таңғы жаттығу (5 мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың төбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... Д. Ахметова				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар				
	Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бөсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Күніміз қандай тамаша! Көңіліміз де тамаша. Қанекей, шеңберге жиналайық, Шапалақтайық та айтайық: - Тамаша!				

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№4			
Күндері		20 - 24.09.2021			
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Алаша". Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; алашаның тұрмыстағы қолданылу маңызы туралы түсінік беру. <i>"Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Қазақстан туы". Мақсаты. Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. <i>"Туды тура жолмен алайық" ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Саусақ санамағы". Мақсаты. Балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауға үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру. <i>"Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы.</i> Музыка. "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсаты. Балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және өннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру. <i>"Кім жылдам қозғалады?" ойыны.</i>	Құрастыру. "Құлыншаққа қоршау". Мақсаты. Балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, өз жұмысына эмоциялық сезіммен риза болу қабілетін қалыптастыру; еліміз Қазақстан туралы ұғым беру. <i>"Қоршау саламын" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Жалауды биікке көтереміз". Мақсаты. Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. <i>"Жел тұрды" жаттығуы.</i>	Жаратылыстану. "Қуыршақ Дана мен балапандар". Мақсаты. Балалардың үй құстары мен олардың балапандары туралы түсініктерін кеңейту; сурет мазмұнындағы кейіпкерлер әрекеті арқылы балалардың қабылдау қабілетін, тілін, түйсіктерін дамыту. <i>"Нені көрдім?" дамытушы жаттығу.</i> Дене шынықтыру. "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсаты. Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталау; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. <i>"Жел тұрды" жаттығуы.</i>	Музыка. "Әнұран жаттайық". Мақсаты. Балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, өннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсінуге баулу; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру.

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА
<i>Апта нөмірі</i>	№4
<i>Күндері</i>	20 - 24.09.2021

Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастытыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Күзгі ауа райын бақылау. Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауы райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады. - Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді. - Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Қ. Ыдырысов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк). - Жарайсыңдар. - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар! Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсаты. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? Педагог балаларға "Бәйтерек" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады. - Қараңдаршы, балалар! Көшемізде мұнара бар. Бойы биік, зор болып тұр, Ақшыл бұлтты тіреп тұр. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен,	Топырақты бақылау. Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балаларды оларды қоршаған ағаштармен таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, жайқалып. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
--------	---	---	---	--	---

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі		№4				
Күндері		20 - 24.09.2021				
Серуеннен оралу		Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас		Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы		Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары		Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)		Алдына қойған асқа назар аударту, дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері.				
Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)		"Жалауша"тақпағын оқу, қимылдар жаттығуы. Мақсаты. Балаларды Қазақстан Туын қабылдауға, тануға, атауға ынталандыру; жалауша туралы тақпақты тыңдауда жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету. - Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ – байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова	Текшелермен ойын. Мақсаты. Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтын етіп, түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру), Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға).	"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.	"Түстер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды заттарды түстері бойынша ажыратуға үйрету; заттарды түстер арқылы жұптарға жинауға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: түрлі зарттардың суреттері (арасында түстері бірдей жұптар орналасқан).
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)		Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен		Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу		Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	"Жапырақтар". Мақсаты. Ермексаздан шамасы бірдей кесектерді жұлу амалын игерту.	"Отан" тақпағын мәнерлеп оқу. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. Б. Ысқақов.	Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". - Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. "Құлыншақ тентек екен". - Құлыншақ тентек екен, Желкесіндегі жалы желкен, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Өңімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Ата-анасы баланы еркелетіп қалай атайды?".				